

УДК 821.512.122.09.01

Геогр. ғылымд. докторы Қ.Т. Сапаров *

**КӨЛ ЖӘНЕ БАТПАҚ АТАУЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МЕН
ДАМУЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ***ГИДРОНИМ, ЛИМНОНИМ, ПОТАМОНИМ, ГЕЛОНИМ,
МИКРОГИДРОНИМ, ИНДИКАТОР-ТЕРМИН, ФИЗИКАЛЫҚ-
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕЛ, ПРОВИНЦИЯ*

Мақалада Шығыс Қазақстан облысы материалдары негізінде су нысандарының топонимдерде бейнелену заңдылықтары жөнінде сөз болады. Сонымен қатар ерекше қорғалатын табиғи нысандармен топонимдердің өзара байланысы мен гидрографиялық терминдер жүйесі жан-жақты қарастырылған.

Шығыс Қазақстан облысының аумағы оңтүстік-батыс Алтай (Қазақстан Алтайы) Зайсан қазаншұңқыры, Қалба жотасы, Сауыр-Тарбағатай, Ертіс маңы жазығы және Сарыарқаның шығыс бөлігін алып жатыр. Облыс аумағы өтпелі екі аймаққа (субрегион) жіктеледі. Шығыс аймаққа: Кенді Алтай, оңтүстік Алтай, Қалба жотасы, Зайсан қазаншұңқыры, Сауыр-Тарбағатай жотасы, албатыс аймаққа Ертіс маңы жазығы, Шыңғыстау таулары, Көкпекті Шар ұсақ шоқылы және Алакөл қазаншұңқыры табиғи кешендері жатады [6].

Алтай Зайсан ойпатынан басталып, Байкал көліне дейінгі аралықты алып жатқан Алтай Саян таулары деп аталатын аса үлкен тау жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Жер бедерінің ерекшелігіне қарай Қазақстандық Алтай үш ауданға бөлінеді. Олар Кенді Алтай, Оңтүстік Алтай және Қалба жотасы, солтүстігінде Бұқтырма өзені мен оңтүстігінде Зайсан, Қара Ертіс аралығында жатыр. Нарын-Бұқтырма қазаншұңқыры Кенді Алтайдан бөліп жатса, Ертіс аңғары оны батыс жағынан Қалба жотасынан бөліп тұрады. Шығысында ол Үкөк тау қыратымен шектесіп жатыр. Батыстан шығысқа қарай Нарын, Сарымсақты, Алтай Тарбағатайы, оңтүстікке қарай

* Павлодарский государственный университет им.С. Торайгырова. г. Павлодар

Күршім және Оңтүстік Алтай жоталары созылып жатыр. Азутау және Күршім (Сарытау) Бүркіттітау аралығында Марқакөл қазаншұңқыры орналасқан.

Оңтүстік Сібір тауларының физикалық-географиялық елі, Алтай ФГО және Жоңғар Сауыр-Тарбағатай ФГ еліне жататын Сауыр-Тарбағатай ФГО аралығында орналасқан Шығыс Қазақстан облысының табиғаты ерекше шөлейтті ландшафттық табиғи зонада орналасқан Зайсан қазаншұңқыры (Каспий маңы – Тұран ФГЕ-не жататын) Зайсан провинциясына жатады. Кенді (Батыс) Алтай – Оңтүстік Алтайдың солтүстік-шығыс бетінде Үлбі, Иванов, Оба тау жоталары орналасса, оңтүстік-шығысқа қарай Листвяга (Қоңыржон), Холзун (Қалзың), Көксу, Тегерек, Қарғон, Теректі тау жоталары созылып жатыр. Қалба жотасы Ертіс өзенінің сол жағында Көкпекті, Бөкен, Шар өзендерінің аңғарларының арасында орналасқан [6]. Қалба жотасының ең биік нүктесі Сарышоқы (1508 м) батыс жағында Шар аңғары арқылы Сарыарқамен шектеседі. Зайсан ойпатының оңтүстік шекарасы Сауыр-Тарбағатай тау жүйесіне (ФГО) келіп тіреледі. Шығыс Қазақстан және Алматы облысының шекарасында Алакөл ойысы жатыр. Зертту нысанына айналған аумақта жазықтық, таулы немесе қазаншұңқырларда орналасқан (тектоникалық) және реликті қалдық көлдер жиі кездеседі [2]. Жазықтықтағы көлдердің көпшілігі теңіз деңгейінен 100-350 м биіктіктегі неоген антропоген шөгінді жыныстарының үстінде орналасқан. Ондай көлдерді аумақтың Солтүстік-батысында Семей өңірінің Ертіс маңы жазығындағы бөлігі (Белағаш жазығы), Бесқарағай, Бородулиха аудандарында кездестіруге болады. Мысалы Семейдің Таспалы (реликт) қарағай орманы арасындағы *Шошқалы*, *Тұз көлдері*, Аққұлы-(Қиық) Павлодар облысы, Құлынды даласы өңірінің қазаншұңқырында орналасқан *Шарбақты*, *Тлеуберді*, *Ұялы* т.б. көлдерімен шектесіп жатыр. Олардың маңайы ежелгі құмтөбелермен кей жерлерде сусымалы төбешікті құмдармен сипатталады. Т.Р. Омаровтың зерттеулеріне қарағанда Батыс субрегионында (бұрынғы Семей обл.) көлемі бір гектардан жүз гектарға дейін 891, ал бір шаршы километрден жоғары 73 көл бар. Осы көлдердің ішіндегі ең ірісі: *Алакөл-Сасықкөл*, *Ұялы (Балқаш-Алакөл ойысы)*, *Мойылды сор*, *Үлкен Шұға*, *Сасық*, *Шолақтерек*, *Бүрліген*, *Иткөл*, *Қолдар* және т.б. аумақтың 0,2 пайызын алып жатыр. Шығыс субрегионында (бұр ШҚО) көлемі бір гектардан жүз гектарға дейін – 985, ал 1 шаршы километрден жоғары 18 көл, оның ішінде *Зайсан*, *Марқакөл* және т.б. атауға болады [9, 11].

Біздің зерттеулерімізде аумақтағы барлық 1967 көлдің (1977) 337 атауы көл термині негізінде қалыптасқаны анықталып, топтастырылды (Кесте).

Сонымен қатар терең көлдер санатына жататын *Үлмейіс* -38 м, (Шалқар, Сібе көлдері), Алтайдағы *Рахман* -30 м, *Марқакөл* -27 м, т.б. ерекше атауға болады [6]. Көлдердің басты ерекшелігі жасының (жаратылысы) әр түрлі және әр кезеңде пайда болғанымен сипатталады. Орманды дала, дала зоналарының көлдері біртіндеп шөгінді жыныстарға толып, оларда өсімдіктер қаптап өсуде. Шөлейт шөл зоналарының көлдері біртіндеп тартылып, тұзды көлдерге айналады. Кейін ол көлдер сорға (шақат) айналады. Мұндай көлдер аумақтың солтүстік-батыс, батыс, оңтүстік аумақтарында жиі кездеседі. Қазақстан Алтайының биік таулы аймақтарының көлдері шығу тегі жас көлдерге жатады. Тау аралық төмен түскен ойыстар мен жарықтарда көп қазаншұңқырлар суға толып, көлдер пайда болады. *Марқакөл*, *Язовое (Жазаба)*, *Черновое (Қаракөл)*, *Тұранғыкөл* т.б. көлдердің ауданы 1 шаршы километрден асады. *Бағанор* көлі – Қара Ертіс жүйесіне енеді. Монғол тіліндегі баға «аз», «шағын», «қысқа» + нор «нуур» көл мағынада туындаған, көлдің аумағының аздығынан хабар береді. *Барынкөл*- Марқакөл ауданында орналасқан. Барын мағынасы түркі-монғол тілдеріне ортақ баран/бараан «қара қоңыр», «қара кер» (қаракөл), сондай ақ, монғол тілінде баруун «батыс» яғни «Батыс өзені» мағынасындағы гидроним болып шығады [4].

Зайсан көлі Зайсан қазаншұңқырында теңіз деңгейінен 382 м жерде орналасқан. Оның ауданы – 1800 км², тереңдігі – 7 м, тұщы ағынды көлге жатады. Зайсан көлінің атауы жөнінде көптеген пікірлер қалыптасып отыр – Зайсан деген атауды 1650 жылы Қалмақтар қойған екен. Аштыққа ұшыраған көптеген азаматтардың көл жағасына келіп, тайдай тулаған балығымен өмірлерін сақтап қалуына байланысты көлге «игі», «игілік», «мейірман» («Зайсан» сөзінің қазақша мағынасы) деген ат берілген. Сөйтіп көлді Заасингнор (жақсы көл) атапты. Ғ. Қоңқашбаев; «монғолдың, Заасинг(жақсы)» деген сөзінен бұл атау ертеректе *Зайсан-нор*, кейде *Нор-Зайсан* деп те атаған.

М.М. Красовскидің пікірінше Зайсан көлінің бұрынғы атауы Хонхаты (Кунг-Кетунор) – Қоныраулы көл, өйткені көлдің толқындары жағадағы қалың қамысты ұрған кезде қоңырау үні іспетті дыбыс шығатын көрінеді [2].

Шығыс Қазақстан облысының лимнонимдер топтамасы

Физикалық географиялық ерекшелігі	Санына байланысты	Физикалық және химиялық қасиеті, түсі бойынша	Антропонимнен және гидронимнен туындаған	Метофоралық терминдер, тарихи оқиғаға байланысты	Фитонимдер, зоонимдер негізінде қалыптасқан
Айнакөл	Бестаскөл	Ақкөл	Айтқожа	Ақмола	Айдарқамыс
Айыр	1-2 Барын Бабатай	Ақсор	Әбжан	Аяқжамбас	Аққияқ
Ақтөбекөл	Қоскөл	Ақсу	Әлімбай	Басмойын	Ақтораңғы
Бұрмакөл	Үлкен	Алакөл	Байыр	Бастұма	Алабұғасор
Дөңгелексор	Үл. Аққу-дықсор	Арасан	Бурабай	Белкөл	Балықтыкөл
Жайсаң	Үл. Жіңішкесу	Ащықак	Кебенсор	Босаға	Бозши
Жалаңашкөл	Үлкенкөл	Ащыкөл	Мақаткөл	Көлбас	Жалғызқарағай
Жалпақ	Үлкенсор	Ащықұдық	Малай	Қоржынкөл	Жалғызтерек
Жарыққұдық	Үшкөл	Ащыөзек	Малдыбай	Көшпес	Жыланды
Жарықтассор	Үшқұдық	Бозша	Манғазы	Мойынсу	Жыңғылды
Қайрақ		Борлықақ	Мұсатайсор	Оқкөл	Қамысақ
Қараөткел		Жаманкөл	Өтеп	Шаңырақкөл	Қарағандыкөл
Қараой		Жамансор	Рахман		Қоғалы
Қарасай		Қақ (брет)	Сабырбай		Көпшетал
Қаратақыр		Қарабастұз	Сырғабай		Ойсексеуіл
Қарашоқы		Қаракөл	Танеке		Сормойынды
Кезеңкөл		Қарақызыл	Темір		Сусарлы
Кемеркөл		Қарасор	Ұласпай		Тағанды
Кішкенекөл		Қасқабұлақ	Шуашбай		Тайжамылған
Көкирім		Көккөл	Шұға		Тораңғылықөл
Көлшіккөл		Қолақак	Ырысбай		Үшқоныс
Көл (7 рет)		Қопа (15 рет)			Шаған
Көпкөл		Қопалы			Шағыркөл
Қисықкөл		Құрқопа	<i>Генолимнонимдер:</i>		Шикөл
Құмкөл		Қызылқак	Алшын		Шыбындыкөл
Қызылжар		Нашаркөл	Ақтайынша		

Физикалық географиялық ерекшелігі	Санына байланысты	Физикалық және химиялық қасиеті, түсі бойынша	Антропонимнен және гидронимнен туындаған	Метофоралық терминдер, тарихи оқиғаға байланысты	Фитонимдер, зоонимдер негізінде қалыптасқан
Қызылтұма		Сабындыкөл	Апатай		
Қызылшоқы		Сарыкөл	Әлжан		
Майшоқы		Сасыккөл	Бақанас		
Сазкөл		Сор (4 рет)	Беген		
Тассуат		Тақыр (5 рет)	Бөкенші		
Тереңкөл		Тұздықөл	Жанан		
Тізесу		Шар	Қамбарқарасу		
Шалқар			Қарабай		
Шығанақ			Көшек		
Шұңқырсор			Садыркөл		
			Сарыманақ		
			Сасық		
			Төрекөл		
			Төртқара		
			Ұзын Самай		

Н. Құрманбекұлы «Атыңнан айналайын «Бейне теңіз»» атты мақаласында төмендегідей деректер келтіреді: Ертіс өзені қақ жарып өтетін осы көлді 13 ғасырда бабаларымыз «Бейне теңіз» деп атаған көрінеді [16]. Найман мен Керейді ығыстырған моңғолдар кейін көпшілігі моңғол тайпалардан құралған жонғария мұндағы жер-су аттарын өз тілдеріне аударып алғаны заңды құбылыс. Мысалы Бейне теңіз немесе теңіз аталған көлді Зайсан нор, Барқытбел тауын – Тарбағатай деп өзгерткен еді [4]. Орыс елшілерінің басшысы болып монғолияға сапар шегіп, осы көлге 17 ғасырда келген Ф.И. Байков оны «Қызылбас» деп атайды. Ғалым Ғ.А. Байназарова Зайсан көлі туралы мынадай да деректі айтады: «1864 жылы Жеменей көлінде әскери бекініс салынды. Бұрын ол жер *Ақшатырлы* деп аталып, кейін Зайсанға айналды» [3].

Сонымен бірге қалмақтың Зайсан сөзі қазақша «рақымды» деген сөздің мағынасын білдіреді деу де, біздің ойымызша, дұрыс емес, өйткені «зайсан» моңғолша «би», «бек», деген сөз екенін Құрбанғали Халид айтады. Бұл жерде қалмақтардың бір тармағына жататынын да айта кеткен жөн. Құрбанғали Халид Зайсан аталуын былай түсіндіреді: «бәрі 200 мың қол болып, Сағун ханы Бұғұкра хан бәріне бас болып хұндарға қарсы шықты. Батыстан татар хан Чамунат жүз мыңнан аса қолмен келіп, бәрі Жайсаң көліне жиналған. «Жайсаң» моңғолша ұлы адамдарға яки орасан мол топқа айтылатын мақтанш лакаб, мына жиын себебімен көл аталған. Қазақ «қасқа мен жайсаң» жиылған жер деп осындай дүбірлі тарихи уақиғасы бар орынды айтады» [15]. Кейбір деректерде 13...14 ғғ. Қытай елі жүз жылға жуық моңғолдардың билігінде болғаны белгілі. Қытайды алғаш билеген Шыңғыс ханның немересі Құбылай өз әулетін қытайша «Юань» деп атайды. Сол заманда қытайлар жергілікті ұлыстарды басқарушы адамның лауазымын «цзяй-сян» дейді-тұғын. Юань әулеті кезінде (1271...1368 жж.) бұл лауазымды моңғолдар да елді басқару жүйесіне енгізеді. Бірақ «цзяй-сян» термині моңғол тілінің айтылу орайына қарай Зайсан болып өзгеріске ұшыраған деуге болады. Белгілі түркітанушы этнограф В.В. Радловтың пікірінше, зайсандар жергілікті әкімшілік ұлыстарды басқарған. Сонымен қатар Зайсан сөзінің моңғолдарға қытай тілінен ауысқандығы туралы және оның ерте заманнан аймақ пен ұлыстарды басқарушыларға берілетін ресми лауазым екендігіне

1630 жылы Қытайлық лама Лубсан Данзан жазған «Алтын түйін» кітабында да айтылады [5]. Б. Бәмішұлы көл атын ежелден Жайсаң екенін, ана тіліміздің байырғы төл сөзінен қайылғанын айта отырып: «Етек жеңін кеңге салып, жағасы жайлаудай жайылып, мамырлап жатқан тұщы көлін бабаларымыз жайсаң атаған ғой».

Бір шеттен көз салсаң қарсы бетіне көз жетпейтін теңіз іспетті тұщы көлдің «*Нор Зайсан*» атауы қазақтың нұр жайсаң деген сөзінен шыққанын дәлелдей түседі. Зайсан көліне Қара Ертіс, Кендірлік және Қылы өзендерінің құятынын және Тарбағатайда бастау алатын өзендердің құймайтынын оның ерекшелігіне де орыс зерттеушілері сипаттама берген. М.С. Чернышев зерттелеулерінде Көлдің ұзындығы 100 верст, ені 28 верст, ауданы – 600 шаршы верст, тереңдігі 4 саженге тең деп берілген. Солтүстік жағалауы қыратты сазды, құмды жондар (Шакелмес), басқа бөлігі аласа жазықты жағалауымен ерекшеленеді. Оңтүстік Алтай және Сауыр-Тарбағатай аралағында ұсақ көлдердің санатына жататын *Қонақкөл, Марқакөл, Алакөл, Шыбындыкөл, Сасықкөл, Қаракөл, Әмірекөл, Теміркөл, Белкөл, Қоскөл, Боздыкөл, Көтелектің көлі, Қозыкөл, Тақыркөл, Таздың көлі, Сегізкөл, Саршакөл, Шошқакөл, Шөптікөл, Алтынкөл* т.б. шоғырланған.

Оңтүстік Алтайдың інжу-маржаны аталған **Марқакөл** теңіз деңгейінен 1449 м биіктікте жатыр. Ауданы - 455 км², ұзындығы - 38 км, ені – 19 км, ең терең жері 27 м болатын көлге 27 кішігірім өзендер құяды да, тек жалғыз Қалжыр өзені ағып шығады [6]. Марқакөлдің табиғаты жөнінде В.В. Сапожников, К. Струве, Г. Потанин, Н.И. Яблонскийлер күнделіктеріне құнды жақсы естеліктер қалдырған [4]. Марқакөл лимнониміне тоқталсақ, ерте кезде көлдің орнына кең жазық дала болыпты деседі. Осы манды жайлаған бір байдың жүйрік аты байланған қазықты суырған кезде, орнынан су атқылап шығады. Жайылған су шөптерді ағаштарды басып, жоғары көтеріліп, тау баурайына дейін жетеді. Ауыл көшіп үлгере алмай, байдың бір көген марқа қозылары су астында қалып қойыпты. Содан Марқакөл аталыпты [8]. Бұл халықтық этимология негізінде қалыптасқанға жанасады. Н.А Аристовтың кейбір жалайыр ру тармақтарын қарлұқтардың руларымен этникалық тұрғыдан ішінара байланыстыратын кейбір пікірлерін айта кетуге болар еді. Жалайырдың Сыпатай руының тармақтары ақ-марқа және қара-марқа өздерінің аты арқылы Алтайдағы Марқа көлін еске түсіреді және оларды қарлұқтар (қарлық) руының қалдығы деп айтуға итермелейді. Осы атауды иеленген

қарлықтар Батыс Тянь-Шанға Оңтүстік Алтайдан келуі, және осында өздерімен бірге Алтайда иеленген Марқа көлінің атын ала келді. Белгілі ғалым С. Аманжолов Марқакөл атауын Н.А. Аристовқа сүйеніп қарлықтардың «Марқа» (қытайша моу-ло) деп аталатын 7 ғасырда өмір сүрген, сондай-ақ Алтайдағы Марқакөл маңын мекендеген руымен туыстырады [1]. Ғылыми этимология бойынша Алтай тауында бірнеше өзендер құятын көлдердің «үлкені, марқасы» деген мағына береді. Дегенмен, зерттеу нысанына айналған Марқакөл лимнонимін 7...8 ғасырларда Алтай өңірін мекендеген қарлықтардың «марқа» тайпасы негізінде қалыптасқан көне түркілік атау деп топшылаймыз. Қатон-Қарағай ауданында 1760 м биіктікте тар аңғарлы, тік жарлы тау беткейлерінің арасында *Рахман көлі* орналасқан оның ауданы – 1,14 км² ұзындығы – 2,6 км, ені – 0,6 км, тереңдігі – 30 м. Көлдің Солтүстік-батыс жағалауында радонды суымен ерекшеленетін «*Рахманов бұлағы*» санатория орналасқан.

Қалба жотасы өзінің әсем табиғаты, ландшафтысымен ерекшеленеді. Гранитті тасты келетін таулардың қазаншұңқырында абсолюттік биіктігі теңіз деңгейінен 770...830 м биіктікте *Сібе көлдері*: Көктау массивінің оңтүстік баурайында *Қошқаркөл (Сасықкөл)*, *Алқа (Қоржынкөл)*, *Үлмейіс (Шалқар)*, *Дүйсен (Төртқаракөл)*, *Ыстықпа (Қаракөл)* орналасқан. Осы маңдағы таулар аралығында *Абылай (Қалмақ ханы)* аңғары бар. Көлдер аралығын өсімдіктерден айрылған гранитті қырқалар бөліп тұрады. Жалпы Сібе көлдерінің ауданы – 5,56 км², тереңдігі 2,5...38 метрге жетеді [6].

Сібе – атауының шығу тегін Ф. Қоңқашбаев Себе (Сове) – құндыз (бұрмаланған моңғол тілінде), Сібе өзенімен, көлде тіршілік ететін жануар атымен (зооним) байланыстырады.

Алғабас ауылының солтүстік-шығысында 2 км жерде археологтар мен өнертанушыларды қызықтыратын қалмақтың соңғы ханы Сібе-сула сарайының ескі орны және қорғандардың ізін байқауға болады.

Біздің пікірімізше *Сібе өзені, көлі* Сібе этнонимінен туындаған, ал аумақтағы *Аблакетка өзені (Абылайкит)*, *Абылай* аңғары атауларын қалмақ кезеңімен тығыз байланысты екенін айта кету орынды. Оны тарихи деректер құптайды. Ұсақ – шоқылы келетін Шар-Көкпекті, Шыңғыстау өңірінде ұсақ көлдер жиі кездеседі. Жарма ауданы территориясында 20-ға жуық үлкенді-кішілі көлдер бар. мұндағы көлдер тұнық, жаз айларында кейбіреулері тартылып құрғап қалады. Мысалы: *Қараөткел, Сабындыкөл,*

Ащыкөл, Тұщыкөл, Сасықкөл, Сұлусары, Итаяқ, Маздақ т.б. көлдер жақын қоныстанған елді мекендердің құты құстарға, өсімдіктерге толы жайқалып өскен қамыс құрақтары көлдерге өзіндік сән береді. *Сабынды көл* аталуы тері ауруы бар малды көлдің суына бір шомылдырса, құлан таза жазылып кетеді екен. *Балықты көл* – ең ірі көл, суы тұзды ұзындығы – 6,7 км, ені – 0,7 км, балыққа бай, жағасында демалыс орындары бар. Қалба тау (Георгиевка) селосынан оңтүстікке қарай Шар су қоймасы жанында *Арасан* көлі орналасқан, оның тұзды суы мен балшығы тері, буын ауруларына мың да бір ем. Делбегетей тауының теріске жағында *Әлжан* көлі орналасқан. Шыңғыстау-Абыралы манында *Шолақтерек көлі, Таймақ көл, Ырсай, Қарасор, Құм көл, Шошқалы көл, Кара көл* т.б. көл атаулары бар.

Алакөл *Балқаш-Алакөл* ойысындағы Балқаш көлінен кейінгі ең ірі көлдердің бірі. Балқаш пен Алакөл кездерде бір көл болып қосылып жатқан, кейіннен тектоникалық көтерілуге байланысты бір-бірінен бөлініп қалған. Қытай карталарында (құрастырған Цянь Луна) екі көлдің орнында бір көл берілген. Г. Клапроттың пікірінше *Алакөл-Гургеноор*, ал қалмақтардан алынған мәліметтерде *Алақтукуль* деп берілген. Оларға көптеген ұсақ өзендер мен жылғалар құяды [7]. 1840 жылдары орыс саяхатшысы А. Шренктің жүргізген зерттеуі бойынша, Алакөлдің көлемі 1700 шаршы километр делінген. Ұзындығы – 104 километр, ені – 52 километр; орташа тереңдігі - 22 метр, ал ең терең жері оңтүстік шығыс жағында – 54 метр. Көлемі 2076 шаршы километрден 2650 шаршы километрге дейін өзгеріп тұрады.

Алакөлге *Үржар, Қатынасу, Емел* өзендері құяды. Алакөлден кейінгі ірі көл – Сасық көл. Суы тұщы, жағалау жазық, сазды, қамыстың ерекше иісіне байланысты қойылған атау деуге болады. Ұзындығы – 49,6 км; ені – 19,8 км; ең терең жері - 4,7 м, көлемі - 736 шаршы километр. Алакөл мен Сасық көлдің арасында *Ұялы (Қошқар көл)* орналасқан [9].

Республикаға маңызы бар Алакөл манында көптеген демалыс орындары ашылған. Зерттеу барысында Шығыс Қазақстан облысының көлдеріне тарихи-географиялық, геоэкологиялық тұрғысынан сипаттамалар берілді. Табиғат жағдайларын бейнелейтін лимнонимдер негізінен халықтық географиялық терминдер арқылы жасалғаны анықталды.

Су режимі мен қазаншұңқырлар морфологиясы, шығу тегіне қарай облысымыздың көлдері әркелкі болып келеді. Өткен геологиялық дәуірлерде үгілу әрекетінен қалыптасқан көлдер біршама кең тараған. Жер

бедерінің үздіксіз өзгеріске ұшырауы, қазіргі кездегі көлдердің қалыптасуына әсерін тигізеді. Терең шұңқырларда орналасқан көлдерге құятын уақытша ағынды өзен сулары жетпей қалады да, жазықты кеңістікте тұщы, ащы тұзды, тұзтұнба көлдер көптеп кездеседі. Көлдердің пайда болуы қазаншұңқырға келіп құйылған судың мөлшері (жер үлесі және жер асты жолымен), одан шығатын су шығыны (сіну және булану) көп болған жағдайда жүзеге асады. Біза суымен қоректенетін көпшілік ұсақ көлдер жаз айларында тартылып, батпаққа айналып кетеді. Жергілікті қазақтар көлдерді: жер бедері мен климаттық жағдайлар, пішіні мен көлемі, суының физикалық және химиялық қасиеттеріне байланысты ажырата білген. **Көл** термині барлық түркі тілі кеңістігінде кең таралған терминологиялық элемент. **Көл** термині Павлодар облысындағы 925 көлдің ішінде (120) атау **көл** термині арқылы көрініс тапса, Қазақ шығысында 1967 көл атауы анықталды.

Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған қазақтар қоршаған орта ерекшеліктері, белгілі адам, ру-тайпа, халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты көлдерге айдар тағып, атаулар беріп отырған. Көл атауларында халқымыздың көшпенді тарихы бейнеленіп, өлкеміздің өткеніне көз жүгіртуге мүмкіндік туғызып отыр.

Зерттеу нәтижесінде біз облыс аумағындағы көл атауларын 6 топқа жіктеп топтастырдық: 1) орографиялық, пішіні мен көлемі, тереңдігі; 2) климат жағдайын айқындайтын; 3) түр-түсі, дәмінің ащы-тұщылығын, санын білдіретін; 4) антропоним, генонимдер арқылы туындаған; 5) метафоралық тарихи оқиғаға, діни көзқарасқа байланысты; 6) өсімдік және жануарлар дүниесін бейнелейтін т.б.

Сор терминімен жазда тартылып қалатын саяз сулы көлдерді атауға болады. А. Левшин 1825...1826 жж. қазақ даласының батыс бөлігін аралаған Эверсманнның деректерінің негізінде сорларды төмендегіше сипаттайды: жазда онша кебе қоймайтын, қыста қатпайтын, жүруге қолайсыз батпақтар; жазда кеуіп, бетін аппақ тұз қабаты көмкеретін, өсімдіксіз құрғақ жерлер; ащы-тұщы көлдер ретінде сипаттайды. Э.М. Мурзаев сордың көптеген халықтардың географиялық терминологиясында кең таралғанын атап көрсеткен. Орта Азия халықтарында “*шор, шур*” сортаң топырақ, дала, шөлейт, шөл белдемдеріне қарай мағынасының өзгеріске ұшырып, әртүрлі атауларға ие болатын жазады. Көне моңғол тілінде *хужир*, қалм. *хужр*, кейбір түркі тілдерінде, атап айтқанда тув. *хужир*, алтай және хақас тілінде *хучур* – сор,

сортаң лексемасы, Орта Азияның түркі халықтары тілінде тек топонимикалық атаулар құрамында әртүрлі фонетикалық вариантта кездеседі.

Қыс айларында тынымсыз соғатын қатты боранда адасып, ашығып-шалдыққан жылқылардың сорға тіпті табынымен батып кеткен жағдайлары кездеседі. Жаз айларында сорлар құрғап, бетінде тұз қабыршақтар қалыптасады. *Ақсор, Айрансор*, сордың келбетін алыстан аңғартады. *Сарысор, Қарасор, Қызылсор, Көксор* түстен басқа, судың қасиеті, лайлы болуы, ұсақ ағзалардың жарық сәулесімен шағылысып, маңында өскен өсімдік жамылғысы арқылы ерекшеленеді. Пішінін айқындайтын *Доғабассор, Дөңгелексор, Шалқарсор, Қотансор, Кішкенесор, Ұзынсор*, айрық, қон., метафоралық терминімен *Аяқсор, Бассор, Құлақсор*. т.б атауға болады. Сордың ерекшелік сипатын бейнелейтін *Байсор, Майсор, Баянсор* монғолша *Баян/ байн/ бойон*, бай маңында өсімдік жамылғысы қаулап өскен, суының тартылып қалмай, және т.б қасиеттеріне байланысты туындаған деп топшылаймыз. Сор маңында кездесетін өсімдіктер мен жануарлар дүниесінде бейнеленіп, ақпараттық қасиетке ие болып отыр. *Жынғылдысор, Қызылағашсор, Тобылғысор, Ақтүйесор. Бөкенсор, Бүркітсор* т.б. атауға болады. *Бессор, Қоссор* санын, *Борлысор* тартылып қалған сор маңында жергілікті халықтың ақбалшық алып, шаруашылықта пайдаланғанын білдіреді. *Сасықсор* атауы жаз айларында суы борсып, жағасындағы қамыс, шөптері шіріп, жағымсыз иіс шығаратынынан хабар береді. Табиғат ерекшеліктерін анықтай отырып, жергілікті қазақтар мекендеген ру-тайпа, адам атымен атап жүзеге асырған. Генонимнен туындаған *Төре соры, Шүрек соры*, адам атымен *Алтыбай соры, Бижан соры. Қодар соры, Мәшін соры* т.б. кездесіп отыр. **Қақ** – термині көктем айларында ойпаң жерлерде жиналып қалған еріген қар суымен, жаңбырмен толығып отыратын жайпақ тайыз көлдер, Жаз айларында құрғап, тақырларға айналып кетеді [11]. *Қызылқақ* көлі-Ертіс ауданының солтүстік батысында орналасқан, облысымыздың ең үлкен көлі болып саналады. Облысымыздың тұзды көлдерің зеттеген ғалым Е.В. Посохов: “*Қызылқақ* көлі-Ертіс өзенінен 100 км батысқа қарай орналасқан, пішіні дөңгелек, ені біршама ұзын, ауданы 170 шаршы км, болсада 1,5 м тереңдікті көрсетеді. Көлдің жағалауы жарлы, биіктігі 5 м, қызыл-қоңыр сазды және құмды жыныстардан қалыптасқан. Көлге жан-жақтан көптеген жырасайлар құяды да, жаз айларында арналары құрғап қалады. Төре аулының маңында ағып шығатын жыра сай жаз бойы көлге

құйып жатады. Су ағып шығатын жерде борпылдақ қызыл лай батпақты темір қабықшасы пайда болған” – деп жазады [11]. Жергілікті қазақтар суы ащы-кермектілігі жоғары, батпағы қызғылтым болғандықтан көлге осындай атау берген. **Аққақ**, **Қарақақ**, **Қонырқақ**, **Құлақақ** қоныс атауларында кездесіп, **Жаманқақ**, **Лайқақ** анықтауыш ретінде судың қасиетін білдіреді. **Тұз** – термині гидронимдер құрамында жиі кездеседі. Ғ. Қоңқашбаевтың анықтауынша бұл сөз “тұз өндірілетін, кеуіп бара жатқан көл” дегенді белдіреді. Қазақстан лимнонимдерінде көлдердің тұздылық дәрежесі мен деңгейі, тұз кәсіпшілігі туралы мағыналық жүктемеге ие болады.

Ащы – термині көлдің тұздылығы жөнінде хабар береді. Топонимдер құрамындағы мағыналық жүктемесі аталған себептерге байланысты әркелкі болады. (Ащылықөл мен Ащыкөлдің мағынасы екі түрлі) [11]. **Ащы**-көл маңында тұзбен ылғал сүйгіш өсімдіктерге бай, мал жайылымы болып табылатын жерлер. Қазақ халқы су көздерін жарамды, жарамсыздығын ескеріп, қай шөптің қай түлікке жұғымдылығын ежелден-ақ аңғарған. **Ащы** термині жайылымның ерекшелігін, суының тұздылық дәрежесін бейнелейтін гидронимдер құрамында жиі кездеседі. **Ащыжайлау**, **Ащыкөл** (12 көл) қон., **Ащысор**, **Ащытақыр** атаулары мал жайылымымен тығыз байланыста жатқандығын аңғартады.

Тақыр – өсімдік жамылғысынан айырылған, беті тегіс, сазды жыныстардан тұратын жерлер. Тақырлар малды шамадан тыс жаю нәтижесінде қалыптасады. Көктемде қар еріген кезде немесе жаңбыр жауғанда тақырға қақ тұрады, жазда суы тартылып, түбі қатады да жарылып кетеді. **Балатақыр** қон., **Ақтақыр**, **Тақыр** е.м., **Қабантақыр** қон. атауларын В.Н. Попова өсімдік дүниесінен айырылған жерлермен байланыстырады. **Татыр** деп тұзды кебірлі жерлерді атайды. **Ой - Шұқыр** термині лимнонимдерде көлдің ойыс жерде орналасқанын, кішігірім қазаншұңқыр мағынасында айтылады. **Шұқыр**, **Шұқыркөл**, **Байшұқыр** қоныс атаулары қалыптасқан. **Былқылдақ** – (қалқыма ұйық, оппа) еспе сулармен қоректенетін батпақты шалғынды ойысты жерлер. Өтіп жүре алмайтын, сулы жер мағынасында қолданылады [14]. **Былқылдақ** (2 көл) айрық атауы. **Қамыс** фитонимі семантикалық жағынан гидронимдік терминнің эквиваленті негізінде қарастыруға болады. **Қамыс** – көл, су маңында ғана өсетін өсімдік түрі. Гидронимдік термин қамыс 40-тан астам географиялық атауларда көрініс тапты. **Қопа** деп қамыс-қоға өсетін батпақты жерлерді атайды. **Құрқона** айр., **Қона** қон., атаулары өзіндік

жүктемеге ие болып отыр. **Томар**-жер асты суымен қоректенетін, шалғынды өсімдіктерге бай, төмпешікті-батпақты жерлер. *Ақтомар* көл, *Қаратомар* қон., *Қостомар* е.м. атаулары бар. В.Н. Попова – **Жалтыр, Жалпақ** терминдерін көлемі біршама үлкен су айдынын, өсімдіксіз ерекшеленіп тұратын көлдерді атайды [10], **Балқаш** – көл, сор атауы. Е. Қойшыбаев Балқаш атауы балық (көне түрк. “су” мағынасында) сөзіне гидронимиялық – “аш” қосымшасының көмегімен субстантивтенген сын есім арқылы пайда болды. *Балқаш* – мәні көгал, шүйгін, балдыр т.б. соған ұқсас ұғым ретінде қарастырады.

Батпақ-(гелоним) термині Э.М. Мурзаевтың пікірінше (батпақ) өсімдіктер өсетін, шымтезек басқан, шектен тыс ылғалды су іркіліп жинақталған ми батпақты жерлер. Орыс тілінде “*болото*” сөзі Шығыс Еуропа елдері, Ресей, Беларусь, Украинада жиі қолданылатынын және әртүрлі мағынаға ие болатынын атап көрсеткен.

Н.И. Толстойдың Славян географиясының терминологиясында батпақты негіздейтін тер гелонимдік терминдер: *болото, багно, олес, волокно, мох, трань топило, дрегва, нетра, нетеча, мерва, грузия, движ, здмух, кожух, смуга, струга, погоня, морочна, руда, бель, выжар, погарь, бон, прорва, плесо, окно, озеро*, т.б. жан-жақты баяндалған [13]

Ғ. Қоңқашбаевтың топшылауынша жүріп өте алмайтын ми батпақты жер мағынасында айтылады. **Батпақкөл** (2 қон.) е.м., **Батпақ-Үшкөл** өз., **Үшінші Бабатай батпағы** атаулары батпақты жерде орналасқаны жөнінде хабар береді.

Шығыс Қазақстан облысында Батпақ термині 20-дан астам лимнонимдерде көрініс тапты. *Ақбатпақ, Қарабатпақ, Батпақкөл, Батпаққона, Батпақсор* т.б.

Ляга-сөзі батпақтанған ылғалды ойысты жер, сулы шұңқыр, тоған, қазаншұңқыр т.б., Алтайда- батпақ, көл, Батыс Сібірде – жыра, сай, Шығыс Сібірде көктемде су тұрақтайтын қазаншұңқыр мағынасында айтылады. Қазақстанның Солтүстік өңірлерінің маңында астық тұқымдасты өсімдіктер өскен, қайынды-көктеректі ылғалды батпақтанған ойысты жерлер [10]. В.Н. Попованың еңбектерінде *Долгая ляга, Кривая ляга, Подсопочная ляга, Широкая ляга, Солдатская ляга, Алешикина ляга* атаулары кездестірсек, *Ляга, Малая Ляга* батпақ атаулары Шемонойха ауданында да орын тепкен. Батпақты жерлер Алакөл маңында жиі кездеседі. Согра терминін В.В. Сапожников былай топшылайды: аласа қайындар өскен батпақты жазықтар (Сібірде) [12]. С.И. Ожегов сөздігінде

кездеспеуіне қарағанда, сібірліктерге тән диалекті болуы тиіс деп білеміз. **Согра** (3 рет).е.м., көп атаулары бар. Батпақтың мибатпақ, қорыс тартпа сөздерінің мағынасы орыс славян тілінде Топкое дегенді білдіреді. Батыс Алтай өңірінде *Топкий, Топкая* топонимдерін кездестірдік. Зертте барысында аумақтардың көл, батпақ атауларының белгілі дәрежеде бейнеленгені анықталды. Сонымен қатар лиминимдік және гелонимдік терминдер жүйесі мен көл атаулары кесте жүзінде топтастырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы: Санат, 1997. – 608 с.
2. Әлімхан А.Ә. Шығыс Қазақстанның Оңтүстік аймағы топонимдерінің тілдік және этномәдени негіздері: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2001. – 25 б.
3. Байназарова Ғ.А. Қасиетті түркі елі. – Алматы, 1994. – 227 б.
4. Бияров Б.Н. Өр Алтай (Оңтүстік Алтай) оронимдері (тарихи лингвистикалық талдау): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2000. – 27 б.
5. Данзан Лубсан. Алтан Тобчи (Золотое сказание). – М: 1973.–217 с.
6. Егорина А.В., Зинченко Ю.К., Зинченко Е.С. Физическая география Восточного Казахстана. Часть 1. Восточный субрегион. Учебное пособие. – Усть-Каменогорск: ВГИ, 2000. – 124 с.
7. Жүнісов Д. Өзен-көл атаулары. – Алматы: Қазақстан, 1991. - 129 б.
8. Қазақстанның физикалық географиясы. Хрестоматия. Құрастырғандар Ә.С. Бейсенова, К.Д. Каймулдинова. – Алматы: Атамұра, 2004. – 136 б.
9. Омаров Т.Р. Қазақстанның өзендері мен көлдері. Алматы, «Қазақстан», 1977. – 72 б.
10. Попова В.Н. Гидронимы Павлодарской области: автореф. канд. филол. наук. – Томск, 1966. – 21 с.
11. Сапаров Қ.Т. Қазақстан топонимдерінің қалыптасуы мен дамуының географиялық негіздері (Шығыс, Солтүстік-шығыс өңірлері мысалында). географ. ғыл. докт. дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. – Алматы, 2010. – 32 б.
12. Сапожников В.В. Исследования по Алтаю. – М.: 1949. - 140 с.
13. Толстой Н.И. Славянская географическая терминология: Семисиологические этюды. Изд. 2. – М.: Комкнига, 2006. – 360 с.
14. Физическая география Республики Казахстан: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 266 с.
15. Халид Құрбанғали. Тауарих хамса. – Алматы, 1992. – 304 б.

16. Шығыс Қазақстан топонимиясы. – Өскемен: Рекламный дайджест, 2007. – 376 б.

Поступила 5.07.2012

Доктор геогр. наук К.Т. Сапаров

**ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ
НАЗВАНИЙ ОЗЕР И БОЛОТ**

В статье рассматриваются закономерности отражения особенностей водных объектов в географических названиях Восточно-Казахстанской области. А также рассмотрены взаимосвязи особо охраняемых территорий с топонимами и гидрографическими терминами.